

Сарқан гуманитарлық колледжі

Оқытушы: Темирбаева В.С.

Пән: Дүниежүзі тарихы

Сабактың тақырыбы: Жоспарлы экономика

Тобы: 103А

Кез келген қоғамда қандай міндеттер шешілуі тиіс?

- **Не өндіру?** - бұл қандай игіліктер, қандай сапа, қандай мөлшерде жасалуға тиіс екендігі туралы шешім қабылдау.
- **Қалай өндіру?** – бұл қандай шектеулі ресурстар мен олардың комбинацияларының көмегімен, қандай технологиялардың көмегімен игіліктер жасалатыны туралы шешім қабылдау.
- **Кім үшін өндіру?**-бұл игіліктерді бөлуге байланысты проблема: өндірілген игіліктер кімге жеткізіледі және оларды экономикалық субъекті қандай мөлшерде иеленетін болады.

Жоспарлы (социалистік) экономика

- Сабақтың мақсаты:
- 11.1.1.4. экономикалық жүйенің түрлері туралы білімді пайдалана отырып, экономикалық дамудың ерекшеліктерін түсіндіру;
- 11.1.1.6. әртүрлі елдердің мысалында жоспарлы (социалистік) экономиканың сипатты белгілерін анықтау

Сұрақ

1. Экономикалық жүйелер неше түрге бөлінеді?

Экономикалық жүйелер көп жағдайда бір-біріне ұқсамайды

Дәстүрлі экономикалық жүйеде

өндіру, бөлу және тұтыну қалыптасқан дәстүрлер мен ғұрыптарға негізделеді.
Араша экономика –

Экономиканың мемлекеттік, кооперативтік жеке меншік нысандарына негізделген шаруашылықты жүргізу жүйесі

Жоспарлы экономикада-

материалдық қорлар мемлекет меншік болып есептеліп, барлық кәсіпорындардың экономика қызметін жоспарлау, басқару және бақылау арқылы бағытталып, үйлестіріліп отырады.

Нарықтық экономика – тауар өндірісі мен айналымы заңдары бойынша ұйымдастырылатын айырбасты сипаттайтын тауар қатынастарының жиынтығын білдіреді.

Жоспарлы Экономика – КСРО-да және басқа да “социалистік” деп аталған елдерде қолданылған экономика жүйені ұйымдастыру тәсілі, мұнда материалдық қорлар мемлекет меншік болып есептеліп, барлық кәсіпорындардың экономика қызметін жоспарлау, басқару және бақылау арқылы бағыттталып, үйлестіріліп отырды.

«Жоспарланған экономика - бұл жоғары тәртіпті қалдықтар. Жоспарланған экономика өзінің жоспарларында экономикадан басқа барлық нәрсені ескереді».

Жоспарлы экономика

Артықшылықтары

- Барлығы үшін қанағаттанарлық өмір сүру деңгейі;
- Баға тұрақтылығы;
- Жалақының уақытылы төленуі;
- Ертеңгі күнге деген сенім;
- Азаматтардың кірістерінде алшақтықтың болмауы;
- Жұмыссыздықтың болмауы;
- Әлеуметтік қорғалу;
- Негізгі қызметтердің ақысыз болуы;

Кемшіліктері

- Кәсіпорындарда дербес шешімдер қабылдау мүмкіндігінің болмауы;
- Тауарлардың жетіспеуі;
- Тауарлардың сапасы төмен;
- Оның пайдаға емес, жоспарға бағытталуына байланысты озық технологияларды нашар енгізу;
- Ауыл шаруашылығы дамуының төмен деңгейі;
- Азық-түлік мәселесі;

**«Мен жоспарлы экономикасы
бар елде өмір сүргім келеді»**

Қысқаша шығарма жазу

Рефлексия

- Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі экономикалық дамудың ерекшеліктері қандай?
- Сіз экономиканың қандай түрлерімен таныссыз?
- Қандай экономикалық жүйе тиімді?